

МӘДИ
ҚАЙЫҢБАЕВ

Үркердің
сұлусарысы





МӘДИ
ҚАЙЫНБАЕВ
Үркердің
сұлусарысы



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1990

ББК 84Қаз7—5
Қ 23

Қ 23 Үркердің сұлусарысы: Өлеңдер мен поэма.— Алматы: Жалын, 1990.— 160 бет.

ISBN 5-610-00558-2

Мәди Қайыңбаевтың бұл кітабы екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөліміндегі өлеңдерінде ақын бүгінгі күннің кекейкесті мәселелерін өз жүрегінен өткізіп, ой түйеді. Жастықты, махаббатты жырлайды, жас ұрпақты туған елді сүйуге шақырады.

Ал екінші бөлімге қаламгердің жабық бәйгеде жүлде алған «Мәді» атты дастаны енген. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген нақты тарихи тұлғаларды, оқиғаларды суреттей отырып, ақын бүгінгі күннің проблемаларын көтереді, философиялық тереңдікке барады.

Кітаптың тілі шұрайлы, бояуы қанық.

Қ 4702250202—56 29—90
408(05)90

ББК 84Қаз7—5

ISBN 5-610-00558-2

© «Жалын», 1990

БІРІНШІ БӨЛІМ



ЕЖЕЛГІ ЖЫР ІЗІМЕН

Дәдәм Қорқыт дана,
Тұлғасы алып болған еді.
Мейірімі — дала,
Жанына жарық қонған еді.

Ат тұяғы сүрінеді,
Жырау тілі сүрібейді.
Айтқан сөзі тіріледі,
Дәдәм Қорқыт тірілмейді.

Ол көңіл баһары —
Сырдың суын кешкен еді.
Ол құмның шаһары —
Жанкентте туып-өскен еді.

Он ғасыр өткен соң,
Ұрпағы күмбезін кетерді.
Даңқы көкке жеткен соң,
Үшар басын Күн көзіне әкелді,

Желді күні күмбезі
Қобыз боп күңіренеді.
Күмбезі — жыр көзі,
Заманның үніне ереді.

Ат тұяғы сүрінер,
Жырау тілі сүрінбес.
Айтқан сөзі тірілер,
Дәдәм Қорқыт тірілмес.

Аяулы Дәдәмнің
Топырағы торқа болсын.
Оны құрмет тұтқан адамның
Даңқы арта берсін!

*ШАҒМАРДАНЫҢ ҚАПШАҒАЙҒА
КӨШЕРДЕГІ АРАЛМЕН ҚОШТАСУЫ*

Зуһра туды. Таң әлі.
Аралдың маңы. Құт орын.
Халуа-алуа самалы
Бұрқатты жусан жұпарын.

Гүлстан бекет тұр ұйып,
Тосатын дәйім бақты алдан.
Жүктерін буып-түйініп,
Көшкелі отыр Шаһмардан.

Шаһмардан отыр көшкелі
Қапшағай дейтін теңізге.
Жанғандай бейне өшкені,
Түскендей жаңа ол ізге.

Көңілге демеу қылса да,
Қимайды бірақ даласын.
Болар ма ыстық муншама,
Болар ма мұнда бәрі асыл!

Соғады дөңнен күйылып,
Сап-салқын ауа еспелеп.
Қарақат қырлар қиылып,
Қарайтын-сынды көшпе деп.

Көшпеуге-дағы оқталды,
Отырды үш, байғұс, үш тұрып.
Дүрсілдеп, міне, кеп қалды
Керуен — пойыз ышқынып.

Тәуба деп жұртқа ергенге,
Тоқтау сап зарлық көңілге,
Ұмтылды ерен керуенге,
Ұмтылды жаңа өмірге.

— Ал енді кеттік, қош, Арал,
Туып та өскен жер едің!
Айдыңның толса босаған,
Қайтадан ұшып келемін,—

Деді де жандай жат болған,
Баласы ол енді өзгенің,
Шоқпардай қолмен Шаһмардан
Сүйкеді үнсіз көздерін.

— Қош, Арал! —
Темір жол дайын.
Электр тұлпар жегілді.
Әйнекке тіреп маңдайын,
Шаһмардан жасы төгілді...

КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ

Ақшам мезгіл.
Аһ ұрамын бақта мен,
Махаббаттан күйіп-жанған от денем.
Қол жетпеді, неге ендеше жоққа ерем?!

Жүрегімнің маздататын мәңгі отын,
Сәждеге бас қойып оқыр бәмдатым —
Сенің атың, сенің атың, шә[^]батым.

Есінде ме гүлді бөлме, өндір күн,
Еқ соғы рет үмітімді сөндірдің,
Көз жасымды іштей ғана көл қылдым...

Кеттің алыс.
Гүлзар — мұң-зар тыйды әнін,
Шықпады естен гулбаһрам дидарың,
Босқа мені, босқа мені қинадың...

ҮРКЕРДІҢ СҮЛУСАРЫСЫ

Жапырақ солып, қуарған... қалқып,
Таң алды.

Салқын бақ іші.

Туды әне көкшіл мұнардан балқып
Үркердің сұлусарысы.

Жайнады дүние туғасын керім
Үркердің сұлусарысы.

Сырласым менің, мұңдасым менің,
Үркердің сұлусарысы.

Күннен де мықты — күндізгі алау
Көркіңе тілім жетпеді.

Тобына алты жұлдыздың анау
Қосылмай тұрсың шеткері.

Шеттетті неге?!

Налыдым, шіркін,

Тағдыр шығар ол... әлгі.

Тек қана сенің жарығың, мүмкін,
Көрсеткен бізге соларды?!

Жай ғана іштей «мүмкін...» деп тынғам,
Үркердің сұлусарысы!

Үкідей әсем үлпілдеп тұрған,
Үркердің сұлусарысы!

Мұң құйдың жанға, жарқырап жырақ
Ақ сәулең ешпен сырғиды.

Бақ іші салқын,

Сарқырап бұлақ,

Теректер үнсіз мүлгиді.

Ғашық қой таңға,

Шаттығын да іштей

Жасырды гүлдер иіле...
Талықсып көргеи тәтті бір түстей,
Қымбатсың, неткен, дүние!

Өтерміз біздер аққудай қалқып,
Үркердің сұлусарысы-ау!
Туарсың мәңгі ақ нұрдай балқып,
Үркердің сұлусарысы-ау!

Жайнайды дүние туғасын керім,
Үркердің сұлусарысы-ау!
Сырласым менің, мұңдасым менің,
Үркердің сұлусарысы-ау!

Тірлікте тәтті аһ ұрған арты,
Айтарсың кейін сен әлі,
Қосылмау топқа ақындар салты,
Ақындар дара болады...

Үркердің сұлусарысы-ау!

ДАЛАЛЫҚТАР

Далалықпыз...

Далалық қой тегіміз,
Тең сөйлейді кеміміз бен бегіміз.
Аруды да тұлымшағын төгілтіп,
Жауынгерше сүйеміз-ау, тегі, біз!

Қамзол киіп, қыпша белі бұралып,
Талай-талай келініңіз жүр анық.
Үлкен алдын кесіп өтпей қиылып,
Үкі таққан ұлын сүйіп қуанып.

Жан жарының қабағынан сыр ұғып,
Жақсылық пен шапағатқа жығылып,
«Аласы мол айналайын көзіңнен»,—
Деген ене құшағына тығылып,

Тал бойында тулап нәзік еркелік,
Қызғалдақтай өскен қырда өртеніп,
Жүр келіндер...
Шай құйғанда манысып,
Мойыл көзін төңкеріп.

Далалыққа біткен қайран ұлылық!
Шаһарларда жүрегінді суырып₁____^,
Аш қасқырдай өз тойрббын аңсаған,
Айға қарап жүр ұлып.

Далалыққа біткен қайран улылық!

ТҮС

Түс көріппін...

Қос жанарым — қос ағын,
Қуаныштан мөлдіреп бір босадым.
Арыстанның жүрегіне жерік боп,
Алтын айдар ул тауыпты қосағым.

Ақ ниеттен желп-желп етіп түндігім,
Жел бесікке төгіп қызыл қыр гүлін,
Алп, алп басқан атандай
Алмаспенен кестім барып кіндігін.

Алты алашты қуантып,
Қайқы қылыш кірпігіне муң артып,
Ақ тесекте туған айдай толықсып,
Жатыр екен жарым менің нуры артып...

Тәуба, тәуба!
Жаным сенен садаға,
Сарылғанда... жарық куйдың санама.
Үмай-Ана, Қудай-Ана, От-Ана,
Кек Тәңірі,
Жар бола гөр балама!

Көкірегім кен сарайдай күмбірлеп,
Атар таңым іргесінен түнді үрлеп,
Омырауымды жуып,
Көз жасым да тамып жатыр бір-бірлеп.

Бәйтеректей сенімімді сая ғып,
Сөйтіп жатып кеттім кенет оянып.

...Жайбарақат пысылдайды жан-жарым,
Ақша жузі таң нурына боялып...

Құс жастықты малмандай ғып,

Қуаныш

Жұлдыз болып жымындайды тым алыс.

Көкірегім, күдігінді қуа түс,

Тамырын тереңнен алған

Тегін емес мына түс,

Тегін емес мына түс!

СЕНІҢ КӨЗІҢ...

Сенің көзің жер бетінде әдеміден әдемі,
Шарасында шайқалады сұлулықтық әлемі.

Есенбай Дүйсенбаев

Иілген қас — саржадай,
Кірпіктерің — жебелер,
Жебелерің зырқырап ап женелер.
Жөнелер де... жүрегіме қадалар,
Түніменен деңбекшісем мен егер.

Қан жоса боп... тастап майдан даласын,
Қашып шыққан жауынгердей боласың.
Қансыраған жауынгердің, жаным-ау,
Қалай жазсам екен деймін жарасын?!

Қалай жазам?
Қасіретім, сенерім,
Көздеріннен тұңғиық сыр көремін.
Көңлің бір көтерсін деп Есағаң
Эпитаф етпеп едім өлеңін.

Сенің көзің...
Сенің көзің шаралы,
Шарасында айтпағай мұң бар әлі.
' Ол мұңдарың жебе болып жауады,
Ол мұңдарың көз жасы боп тамады...

Тағы міне тарттың сырлы саржаңды,
Жебелерің ал жауды кеп,
Ал жауды!
Қансыраттың...
Ал содан соң белінен
Бір-ақ аттап жүре бердің олжаңды.

ЕЙ, БҮЛБҮЛЫМ

Таң алдында тамылжытқан булбулым,
Сайра, сайра, сайрайтуғын күн бүгін!
Шаһардағы жалғыз ояу муңлының
Ғашық болып аһ урғанын білді кім?

Арзу болды ол көріп гөзал бануды,
Жазған бала ақылынан жаңылды.
Кірпік ілмей қадір түнін күзетіп,
Көзін сүзіп терезеге таңылды.

Кетті қаһар, ерте баһар жол алып,
Бүршік атты жаһан дүние жаңарып.
Бермедің деп, тағдырым-ау, тілекті,
Отыр енді тар бөлмеде қамалып.

Ей, булбулым, бул муңлының ындынын
Әнмен суғар, көзін құрғат, қу муңын!
Сенің ғана... сенің ғана сырлы үнің
Серпе алады қасіреттің түндігін!
Ей, булбулым, бас муңлының ындынын...

ПУШКИН КАЗАК ЖЕРІНДЕ

Қараша-қауыс кубылып,
Қалампыр сольп бақтарда,
Хақ тағаланың күні улып,
Жапырақ борап жатқанда

Зымырап жолмен,
Елірген
Қулады дөңнен күйме бір —
Ебелегі таудай көрінген
Елеңдеп киіз үйлі өңір.

— Ишполит, айда! —
Бұралып,
Сарт етті бишік сауырға.
Күймеден басын шығарып,
Көз салды ақын ауылға.

Тобылғы басқан биіне,
Жабайы шие... бұршақ қум.
Дульға-сынды үйі де
Қашаннан жаугер Қыпшақтың.

Тұрулі киіз ергенек,
Қыз шықты сыртқа бұралып,
Қара көз ару сен бе деп,
Қарайды Пушкин қуанып.

Сылдырап шолпы, ілгегі,
Қол булғап турды күлімдеп...
Жарысып қуды күймені,
Шуылдап өңкей жүгірмек.

Жаны жоқ бір де жасыған,
Сұлулық, саулық — қыр мәңгі

Цилиндрді алып басынан
Пушкин де тез-тез булғады.

Шие-көз қырлар қарады
Қозы мен сұлу Баян боп.
Жанымды жеген жаралы
Сырымды қалай жаям деп.

Өрлік пен ерлік — өткені,
Жаулары жылап қайтқан бел.
Шалкиіз, Доспамбеттері
Төгілтіп жырын айтқан жер.

Құйында, күйме, құйында,
Гулжауһар дала, бай дала!
Көз салып ақын қиырға:
— Ұлылық...— деді жай ғана.

СУ АСТЫНДАҒЫ КАЛАЛАР

...Хиуа тарихшысы Әбілғазы жер думпуінен Варахш теңізі Аралға ауып, 40 қала су астында қалған деген тұспал айтады.

Ә. Қоңыратбаев

Көкпеңбек айдын...
Ойланьп,
Қиялым тыным бермеген.
Теңіздік түбін айналып,
Акваланг болдым мен деген.

Жап-жасыл балдыр тербелген,
Тінтілеп терең су астын,
Жартасты, жақпар жерлермен
Жайындай жүйткіп қыр астым.

Жап-жарық екен бул элем,
Жұмаққа тіпті бара-бар.
Түнеріп үнсіз тур, эне,
Су астындағы қалалар!

Су астындағы қалалар...
Көз жауын алған талайдың.
«Тәнінде» сансыз «жара» бар
Қабырғаларға... қараймын.

Секіріп менің басымнан
Сан ғасыр заулап өткендей.
Шубырған халық қасымнан
Жап-жаңа көшіп кеткендей.

Шалқияды асқақ мунара,
Иілмей өткен пендеге.
Иесіз, муңды бұл ара
Айналған мәңгі көрмеге.

Тас көше, дуал, күмбездер,
Үқсайтын мылқау, кереңге.
Сақтанып, бәлкім, тіл-көзден,
Шым батып кеткен тереңге!

Сан қырғын өткен алдында,
Қақпа да биік тур мына.
Тербеледі үнсіз балдырда,
Бас сүйек киген дулыға.

Ақ сарай әсем... кезінде
Думанға бөккен бар күні.
Бір жумбақ құйған сезімге —
Бүгінде Бапы хандығы.

«Көп-ақ қой жайлар мен көрген,
Куә боп сансыз урысқа»
Дегендей... үнсіз тербелген
Балдағы алтын қылыш та.

Мол нұрын құйған жарық Күн
Мунда да...
Мейлің кезе бер!
Мекені болған балықтың
Бүгінде алып көзелер.

Өнердің нарқын білем мен,
Жанымды жеген жара бар —
Сол жайлы айтты түнерген,
Су астындағы қалалар!

Жетпесін қолы дегендей,
Көлденең жанның көк атты,
Тәңірі жар боп жебердей,
Теңізге батыщ... жарапты!

Жарапты!
Берді несіпті,
Береке де енді қонақтар!
Жетпейді оған...
Кешікті,
Таразымды алған арабтар!

Қан сасып қорған, жемес мұң,
Қаралы жаушы қырда ушпай.
Алмайды енді оны ешкім,
Отырарды алған Шынғыстай.

Жартастан ойған хас тулға,
Заманның алыс дерегі,
Мөп-мөлдір судың астында
Мөлдіреп тұра береді.

Қиялдап қилы таң жайлы,
Талантын, күшін салып бар,
Жауласа оны жаулайды
Акваланг — археологтар.

Шақырып білім — жарқын күн,
Білгісі келсе өрендер,—
Тарихын менің халқымның
Іздендер деймін тереңнен!

КАРАКУРТ

— Еңкіл-еңкіл, еңкіл қурт,
Еңкіл басты қара қурт!
Күрең басты сары құрт,
Құмырсқа бел, құрма құрт,
Тілегімді тыңда құрт!

Қап-қара жиып алып түннің мұңын,
Қайта еске ап бу жалғанның бір күндігін,
Қимылдап кірпігі тек, жаннан ада,
Жастанып жатыр бала қырдың гүлін.

Жанары — қараған жан жасқанатын,
Қос қолын — жалпылдатып — қос қанатын,
Зіркілдеп сан мақамға салады қарт,
Тілімен тас жармаса, бас жаратын.

Тылсымын тәңір-ана ашып оған,
Арбауын арындатты жасын адам.
Жалынды енді бірде Қарақұртқа'
Қиянда баданақтай шашыраған.

— Оу, жарқыраған жақут Құрт,
Қолым жетпес ақық Құрт!
Ақықтығың анық па ед,
Халімді, кел, танып кет,
Адамымды қалдыр да,
Ашы уыңды алып кет!

Атқан оқтан жылдам құрт,
Ағын судан қатты құрт,
Айыр қуйрық ашайрық,
Алақаннан аумай шық!

¹ — Жұлдыз шоғыры (бесеу, Кассиопея).

Бес жұлдыз көк жүзіне көрік беріп,
Қарайды жатқан жанға төніп келіп.
Көшіріп аспан астын жулқынды қарт,
Жын шашып, екі езуі көбіктеніп.

Даусынан жер сілкініп, дала гулеп,
Тығылды қушағына қара түн кеп.
Шаптықты пышақ алып енді қартың
Иесін қарақұрттың жарамын деп.

Желігіп жын-шайтандай желді күнде,
Барлығып өлерменге келді мүлде.
Қайран жоқ... Қаса-Құрбан, Қамбарынан',
Құлады әлі кетіп енді бірде.

Құлады қуып шығып жаманатты;
Маужырап тәтті ұйқыға дала батты.
Көтерді басын бала...
Ал Қарақұрт
Жарқырап көк жүзінде бара жатты.

* — Қарақұрт, бүйі т. б. шаққанда арбаушының сыйынар трлері.

СЕНІМ ЖАЙЛЫ СЫР

Баллада

Гүл жарып шиіе... сол гүлге
Қонғанда гулеп аралар.
Гүлзарым әсем толды унге
Пейішке тіпті бара-бар.

Жанар ма булай жер бағы!
Ойыма түсіп өткен кун,
Өртендім бүгін мен-дағы,
Жупарын жұтып көктемнің.

Құлпырып жатты бар аймақ,
Дүркіреп таудың селдері.
Мең-зең боп басым,
Сені ойлап,
Махаббат дерті меңдеді.

Өрт болып, кейде теңіз боп,
Тулайды жүрек...
Жатам ба —
Кетейін дедім сені іздеп,
Жиналап алыс сапарға!

Таусылып көңіл ындыны,
Серіптім де ақыр муңымды.
Балгерге барып бір күңі,
— Болжаңыз, — дедім, — күнімді!

Қырғауыл-сынды қабаттап
Сан түрлі көйлек киінген
Әйелдер жап-жас жалақтап,
Сыр айтты кемтар күйімнен.

Басталды дейсің тамаша,
Барлығын жұрттың таң қылып.